bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2019

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

# Ата заңым - елдігімнің еңсесі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 09.10.2019 | https://bilimger.kz/61371/ |

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Мақсаты:** балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

**Көрнекілігі:** Елбасы суреті, мемлекеттік рәміздер, слайд.

**Әнұран**

Жүргізуші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

— Арайлаған танды сүйетін кім?

— Алтын сәулені сүйетін кім?

— Жарқын даланы сүйетін кім?

— Туған жерді сүйетін кім?

— Ата-ананы сүйетін кім?

— Достарын сүйетін кім?

— Еліміздің болашағы кімдер?

Жүргізуші: Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Еліміз тәуелсіздікті 1991жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 — тамызда 1995жылы өз Ата Занымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды. Елдігімнің – реңі, Тендігімнің – тірегі, Мүддесінен халықтың Ажырамас бір елі. Балаларға конституция кітабының суретін көрсетеді.

Жүргізуші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары-үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс. Өз еліңнің Туын, Елтанбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

Балалар қане ата заң туралы кім тақпақтар біледі?

**Абылай**

Бастайтын болашаққа бақ кемені,
Осы жол халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып Ант береді.

**Мерей**

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісім-шарт жасасқан барлық шет

ел.

Қазақтың Ата Заңын мойындайды!

**Кәусар**

Қазақстан- егеменді байрақты ел,

Жердің жүзін мойындатқан қайратты ел.

Ата заңым — елдігімнің еңсесі,

Заңы барда қазақ елі айбатты ел.

**Әмина**

Шалдықпадым талмадым
Арманды алға жалғадым
Конституция қорғаным
Атасы ол бар заңның

**Бағдәулет**

Болғанмен бұл Өмірде айлаң күшті,

Ел үшін кім тындырар қайран істі?!

Еліңнің дамуы мен дағдарысы

Ол-дағы Ата Заңға байланысты!

**Жазира**

Өмірден әділдік пен бақ табатын,
Құқығым қорғалды деп шаттанатын,
Өзіңдей жас өркендер келеді өсіп

«Бұл
біздің – Ата Заң» деп мақтанатын!

**Іңкәр**

Көк байрағы бүгінгі ұрпақ жалауы,
Бұл белгіміз –
бар халықтың
қалауы. Жер
жүзіне желбіресін қашан да,
Шарықтасын Қазақстан
жалауы.

— Балалар, біз қай елде, қай Республикада
тұрамыз? — Қазақстанның
елордасы қай қала?
—
Елбасымыз кім?

**Жүргізуші:** Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үй Қалықтаған жас сұңқар.
Шарықтаған таза
күн
Бұл танбасы
елімнің,
Елдігімнің белгісі.
Бала
ларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

**Жүргізуші:** Отан туы желбіреп, Көз тартады құбыла.
Біз қараймыз елжіреп,

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

Туған жердің туына.

Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Ән: «Атамекен»

**Жүргізуші:** Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып Конституция күніне арналған іс-шарамызды аяқтаймыз

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.